



● СҮЙІНШІ!

АЛАШТЫҢ АЙДЫНЫ ҒАРЫШҚА АТТАНДЫ

Алаш баласы алғаш ғарышқа ұшқанда қазақтың төбесі көкке екі елі жетпей, қуанышқа бүкіл халық ортақтасқан. Қазақ Тәуелсіздігін енді алған елең-алаң тұста Токтар Әубәкіров туған елдің атак-абыройын осылайша аспандатып еді. Одан кейін араға үш жыл салып, тағы бір ұлымыз Талғат Мұсабаев та ғарышқа сапар шекті. Ол одан кейін де екі мәрте ұшып, Абай әнімен ғарышты тербегені ел есінде. Қазақ қос батырын құрмет-қошеметтен кенде қалдырмады.

Байқонырдай айлағы бар елдің батырлары да бар. Ғарышкер болуды бала жасынан армандаған Айдын да қос қаһарманның ізін жалғап отыр. Алаштың атын аспандатқан Айдын туралы аз-кем айта кетейік. Бес жасында әкесіне көмектесіп, шош шабуға барғанда шабындықта аунап жатып аққан жұлдызды көреді. Тосын құбылысқа қызыққан Айдын сол сәтте ғарышкер боламын деген байлам жасапты. 2009 жылы ғарышты бағындырамын деп Елбасы мен елге серт етті. Міне, көптің тілеуі, ел ағаларының демеуінің арқасында сол сертін орындады...

Тарихи сәт. 2015 жылғы 2 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 10.37 минутта Байқоныр ғарыш айлағынан «Союз-TMA-18М» ғарыштық кемесі ұшты. Бұл – Жер кіндігінен зенгір көкке аттанған 500-ші ұшырылым. Экипаж құрамында кеме командирі ресейлік ғарышкер Сергей Волков, бортинженерлер – Данияның алғашқы астронавты Андреас Могенсен мен Қазақстан Республикасының ғарышкер-сынақшысы Айдын Айымбетов бар.

Экипаж ұшырылымын жүздеген адам тамашалады, олардың ішінде ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, «Роскосмос», «Қазғарыш», Еуропалық ғарыш агенттігінің басшылары, ғарышкерлердің жақын туыстары бар. Ал әлемнің және еліміздің түкпір-түкпірінен келген жүздеген астам ақпарат құралдарының өкілдері осы тарихи сәт жайлы жаһанға жар салып жатты.

Баласын ғарыш сапарына шығарып салу үшін Айдын Айымбетовтің анасы Жұмагүл ана, Сергей Волковтың әжесі – ғарышкер Александр Волков, экипаж



мүшелерінің жұбайлары мен балалары келді.

Ғарыш кемесі аспан төріне аттанғанда осы көшпелік көктен көзін алмай, ұзақ қарап, жұлдызды аспан әлемімен сырласып, ғарыш ғаламына терең үйілуге кетіп бара жатқан қазақтың ұланы Айдынга ақ жол тіледі.

Бірір минуттан соң Ресей ғарыш агенттігінің басшысы Игорь Комаров Байқоныр ғарыш айлағының Гагарин алаңынан «Союз TMA-18М» кемесі бар «Союз-ФІ»

зымырантасығышының ұшырылуына қатысты БАҚ өкілдеріне түсініктеме берді.

– Жұмыстың бірінші бөлігі – ғарыш кемесі бар «Союз» сәтті ұшырылды. Енді екі күннен кейін жұмыстың екінші бөлігі басталады, яғни жұма күні Мәскеу уақытымен сағат 10:42-де стансмен түйісу процесі жоспарланған. Әлемнің 5 елінен 9 адамның ХҒС бортында жұмыс істеуі біргедей жағдай болғалы тұр, сол себепті ынтымақтастығымыздың халықаралық ашық сипатын көрсететін жобаны таныс-

тыру біз үшін қуаныш, – деді И.Комаров.

Сондай-ақ, ол бүгінгі ұшырылымға қатысқандар мен Байқоныр ғарыш айлағының әскери тобына алғыс айтты.

Байқоныр ғарыш айлағынан ұшырылымды қамтамасыз ету қызметінің хабарлауынша, көкке көтерілгеннен кейін 10-шы минутта ғарыш кемесі зымырантасығыштан бөлініп, «Союз TMA-18М» Жер төңірегіндегі орбитаға шығады. Ал стансмен 4 қыркүйек күні түйіседі деп жоспарлануда.

Кеме командирі Сергей Волков орбитада 188 тәулігін өткізсе, отандасымыз бен даниялық ғарышкер ғарышта 10 күн болады. Яғни, Айдын Айымбетов пен Андреас Могенсеннің, сондай-ақ қазіргі кезде орбитада жұмыс істеп отырған ресейлік ғарышкер Геннадий Падалькин Жерге оралуы 2015 жылдың 12 қыркүйегіне жоспарланған. Экипажды Астана қаласының әуежайында салтанатты түрде күтіп алу рәсімі ұйымдастырылады.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін

Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев және Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев Айдын Айымбетовке Қазақстанның Мемлекеттік Туын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «ЭКСПО-2017» жалауын тапсырып, ғарышқа аттанатын экипаж мүшелеріне сәттілік тілеген еді. Сондай-ақ, олар Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне орай шығарылған медальдармен марапатталды.

Орбитада отандасымыз қазақстандық ғылым үшін бірқатар сынақ жүргізеді, соның ішінде радиацияның миға әсерін зерттемек.

Ал біз ел болып Мемлекеттік Туымызды көтеріп, қанатын кереген қырандай ғарышқа самғаған Алаштың айбозының абыроймен аман-есен оралуын тілейік.

Айдын Айымбетов 1972 жылы 27 шілдеде Талдықорған облысы, қазіргі Алматы облысы Талдықорған ауданы Заря Коммунизм ауылында (қазіргі Өтенай ауылы) туған. 1993 жылы Армавир жоғары әскери-авиациялық училищесін аяқтады. 2002 жылы 9 қарашада ресейлік өкілдердің қатысуымен Қазақстан Республикасының ғарышкерлеріне кандидаттарды іріктеу бойынша ҚР Үкіметінің жанындағы Ведомстваралық комиссия отырысында А.Айымбетовты Қазақстан Республикасының ғарышкерлері жасағына енгізу ұсынылды.

2012 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1304 қаулысымен А.Айымбетовке Қазақстан Республикасының ғарышкері мәртебесі берілді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы уағдаластыққа сәйкес, А.Айымбетов 2015 жылғы мамырдың соңынан бастап Гагарин атындағы ҒДО-да дайындықтан өтті. 20-27 маусым аралығында ол ХҒС америкалық сесменін зерделеу мақсатында Хьюстонда (АҚШ) НАСА Джонсон атындағы Ғарыш орталығында болды.

Дәурен ОМАРОВ.

Байқоныр ғарыш айлағы.

● САПАР

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ӘРДАЙЫМ МАҢЫЗДЫ

Облысымызға жұмыс сапарымен келген Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев пен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кеше “Small” сауда үйіндегі тауарлар бағасымен танысты. Жібек жолы көшесінің бойында орналасқан аталмыш сауда үйінде баға бірқалыпты.

ұйымдар өкілдерімен, кәсіпкерлермен кездесіп, мәжіліс өткізді. Мәжіліске төрағалық еткен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ерекше экономикалық кезеңдегі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылауды ұсынды. Мемлекеттің жаңа экономикалық

жол бермеу үшін сауда үйлері және базар басшыларымен меморандумға қол қойылды. Үн қоры жеткілікті болғандықтан нан бағасын өсірмеуге негіз бар. Кейбір құрылыс материалдарының бағасында жоғарылау байқалады. Жанар-жағармай шекті бағамен сатылуда.

Облыс басшысы «Қант корпорациясының» бағам өзгерген соң бір аптадан кейін бағаны көтергенін, бұл мәселеге Ауыл шаруашылығы министрлігінің назар аударуын сұрады. Тұрақтандыру қоры толықтырылып, 2016 жылдың 1 мамырына дейін азық-түлік бағасын бірқалыпты ұстап тұруға мүмкіндік бар.

Облыстағы дәрі-дәрмек бағаларын тұрақтандыру шаралары туралы хабарла-

Жиында сөз алған «Анвар» СҮ директоры М.Қарабалин бағаны тұрақтандырудағы, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Р.Досмаханов шағын кәсіпкерлікті дамытудағы шараларды айтты. «Рза» АҚ президенті С.Имандосов тенге бағамының еркін айналымынан кейін отандық өндірушілердің тауарларына сұраныс өсетініне сенім білдірді. Сатып алу заңына өзгерістер енгізіп, отандық өнімдерді сатып алуды қамтамасыз ету туралы ұсынысын жеткізді. Теңдер кезінде шетелдің сапасыз, арзан құрақ сүттерін жеткізіп берушілер жеңімпаз болып жатады. Табиғи әрі жергілікті өнімдерді қолдаудың осындай жолдарын пайдалану керек.

Мәжілісті қорытындылаған Бердібек



“Small” сауда үйі 2008 жылдың желтоқсан айынан өз жұмысын бастады. Бүгінде 232 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ауласында сыйымдылығы 70 көлікке арналған автотұрағы бар. Сауда үйінде 21596 тауар түрі тұрғындарға тиімді бағамен ұсынылуда. Бағаны тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік маңызы бар деген 33 тауар түріне шектеулі баға белгіленген болатын. Бұл бағытта сауда үйінің директоры Гүлнұр Батырханова да әлеуметтік жауапкершілік танытып отырғандарын айтты. Осы тауарлар шектеулі бағадан 20-30 теңгеге төмен сатылуда. Сауда да жасауға келген тұтынушылар да бағаның қалыпты екенін айтып, атқарылып жатқан шараларға өз алғыстарын білдірді.

Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев облыстағы мекемелер және кәсіпорындар басшыларымен, қоғамдық

саясатқа көшуі аймақтың ахуалына қалай әсер еткенін бағамдау, сауда орындарындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз етуде жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік және басқа да тауарлардың бағаларын тұрақтандыруда атқарылып жатқан іс-шараларды баяндаған облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов күнделікті 3 мезгіл жүргізілетін мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Дәрі-дәрмек пен құрылыс материалдарының бағасын тұрақтандыруға да мән берілуде. Азық-түлік бағалары бойынша облыс нарығындағы жағдай бірқалыпты. Қанттан басқа әлеуметтік маңызы бар 33 тауардың бағасына валюта бағамының өзгерісі әсер еткен жоқ. Жаңа экономикалық саясат жиын-терін науқанына дөп келгендіктен көкөніс, картоп, бақша өнімдерінің бағалары 3-5 пайызға дейін түсуде. Бағалардың негізсіз өсуіне, жасанды тапшылыққа, алыпсатарлыққа

ма жасаған облыс бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау департаментінің басшысы Ш.Исағалиева өмірлік маңызы бар 800-ден астам дәрі-дәрмекке шектеулі баға қойылып, мемлекеттік қадағалауға алынғанын айтты. Аса қажетті дәрілердің бағасын өсірмеуді, тапшылықты болдырмауды көздейтін меморандум жасалған. Арнайы құрылған жұмысшы топ күнделікті мониторинг жүргізуде. Дәрі-дәрмек қоры жыл соңына дейін жетеді. Облыс басшысы СК «Фармацияның» дәріні уақытылы жеткізудегі кемшіліктерін атап өтті. Бұл шешім мәселе тісті министрлікке де жеткізілді. Премьер-министрдің орынбасары аталған мәселені жіті зерттеп, жауабын беруді құзырлы мекемелерге тапсырды.

Мәшбекұлы:

– Қазіргі айрықша экономикалық кезеңде Елбасы мен Үкімет тапсырмаларының қалай орындалып жатқанын көрік. Халықпен сөйлескенде олардың тұрмыс-жағдайының қалыпты екенін байқадық. Қиын жағдайға қарамастан, экономиканың қарқыны төмендеуі керек. Елбасының тапсырмасы – жұмыссыздықты өсірмеу. Мемлекеттік бағдарламалардың барлығы дер кезінде орындалды. Солар арқылы жаңадан жұмыс орындары ашылады. «Нұрлы жол» бағдарламасы дағдарыс жағдайында инфрақұрылымды дамыту арқылы жұмыс орындарын ашуды көздейді. Осы жиында айтылған ұсыныстар жан-жақты зерттеліп, тиісті жауабы айтылады, – деді.

2-бет



Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында өңірімізде жұмыс сапарымен болған Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов облыстық ассамблея өкілдерімен кездесті.

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІК ТҰҒЫРЫ

Кездесу арнайы дайындалған кітап көрмесін тамашалаудан басталды. Жүздесуді облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы ашып, жүргізіп отырды.

Шараға этномәдени бірлестік және толеранттылық клуб жетекшілері, облыстық ассамблея жанындағы қоғамдық келісім, Аналар кеңестері мүшелері, ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Ералы Тоғжанов жиылғандарды Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен құттықтап, жыл басынан бері Ассамблея аясында республика көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды және Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» ұлттық жоспары «100 нақты қадам» ұлттық жоспары идеясы, 5 институционалды реформасының мазмұнын ашып, төртінші «Біртектілік пен бірлік» бағытын айрықша атап өтті.

– Құрметті кездесуге қатысушылар! Біз бүгін халқымыз үшін маңызды тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Бүгін тағы бір Алаш азаматы ғарышқа ұшты. Осының барлығы бірлігіміздің, ынтымағымыздың арқасында жүзеге асырылып жатқан шаралар. Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жыл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланды. Ассамблея жылының басты идеясы «Менің елім – Мәңгілік ел» деген ұғымға негізделген. Бұл идея

біздің халқымызды біріктіретін және «Қазақстан – 2050» стратегиясының іргетасын қалап, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрсетілген басты құндылықтарды негізге алады, – деген Ералы Тоғжановтың Ассамблеяның жұмысын жандандыруда сан ұлттың баласына саяла мекен болған Сыр өңірінің алар орны ерекше екенін атап өтті. Ассамблея жылы аясында жасалып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Сонымен бірге облыстың әлеуметтік саласында атқарылып жатқан істердің көңіл қуантатынын баса айтты. Бүгінде аймақта 35-тен астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүруде.

Кездесуде қатысушылар толеранттылық, ынтымақтастықты нығайта түсу тақырыбында ойларын ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Шара соңында бірқатар азаматтар Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталды. Айта кету керек, ҚХА төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов сондай-ақ, өткен оқу жылында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ашылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасында болып, кафедра құрамымен кездесіп «Археология және этнография», «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залдарымен танысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН КҮН

ОТАНДЫҚ ҒАРЫШ САЛАСЫНЫҢ ТАБЫСЫ



Құрамында қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов бар халықаралық экипаж Байқоңырдан көк жүзіне аттанғанына қуаныштымын. Біздің ініміз, ретімен санасак, үшінші қазақ ғарышқа самғады. Біз қуанып отырмыз, қай жерде жүрсе де қазақтың аты шықсын. Бұл – ел абыройы. 1991 жылғы 2 қазанда ғарышқа ұштым. Менен кейін ғылым-тәжірибелік еңбегіміңді жалғасын Талғат Мұсабаев ұзартты, енді Айдын Айымбетов бауырым тәжірибенің өрісін кеңейтіп отыр. Ғарыш сапарына аттану еш уақытта жеңіл болған емес. Бұл арада мәселе ғарышкерлердің білімі мен біліктілігіне де байланысты емес. Мәселе –

кезекте. Үміткер көп, орын тапшы. Айдынның да ғарыш көгіне көтерілуі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей араласуымен болды.

Айдынмен бірге аттанған «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесінің командирі Сергей Волков ғарышқа үшінші рет сапар шегіп отыр. Оның әкесі Александр Волков та ғарышта үш рет болған танымал азамат. Ең қызығы, 1991 жылы Александр Волков үшінші сапарында менімен бірге ұшқан еді. Ал Айдынды оның баласы Сергей қанатының астына алып ұшты. Міне, үйлесімділік. Екеуіміздің де тағдырымыз Волковтар әулетімен байланысты болып отыр.

Жалпы, Айдын Айымбетов Қазақстан Республикасы ғарышкері атағын алып үлгерген, астрономия ғылымдарын терең оқыған, әрі болашақ ғарышкерлерге дәріс беріп жүрген маман. Тағы бір ерекшелігі – Айдын тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғарышкері. Бұл біздің отандық ғарыш саласының ең үлкен жетістігі дер едім. Олар өздерінің позициясын ұстанып, жақсы жұмыс тындыра білді. Бір жағынан Айдын білікті маман ретінде осы сапарында Қазақстан ғылымына үлкен жаңалықтар әкелетініне сенімдімін. Ең бастысы – осы. Айдын бауырымының сапарына сәттілік тілеймін.

Токтар ӘУБӘКІРОВ,
Кеңес Одағының батыры,
Халық қаһарманы.

ЖОЛЫМЫЗ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Бұл сәт Қазақстан Республикасы үшін елеулі күн болып тарихта қалады. Өйткені, біздің елдің ұланы, үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов көкке көтерілді. Ол мінген «Союз-ТМА-18М» ғарыш кемесі Байқоңыр ғарыш айлағынан сәтті ұшырылды. Осы елеулі оқиға Гагарин алаңынан ғарышқа аттанған 500-ші ұшырылымымен сәйкес келіп тұр.

Менің де ғарышқа үш мәрте ұшқанымды білесіздер. Оның екеуінде ғарыш кемесінің командирі міндетін атқардым. Үшіншісінде ғарыш және адамзат тарихында тұңғыш рет АҚШ турисі Деннис Энтони Титоны ғарыш көгіне шығарып, аман-есен алып келген едім.

Бір ерекшелігі, Айдын – «Қазғарыш» агенттігі тәрбиелеген ғарышкер, яғни, тәуелсіз Қазақстанның атынан жаттықтырылған тұңғыш маман. Ғарыш айлағы және ғарыштық зерттеу бағдарламасымен танылған Қазақстан үшін Айдын Айымбетовтың ұшуы саяси мәні зор, отандық ғылымға қосар үлесі маңызды оқиға.



Сәтті келісім, әріптестігі үшін ресейлік «Роскосмос» агенттігінің басшылығына алғысымды айтамын. Қысқа уақыттың ішінде Айдынды тыңғылықты дайындап, негізгі экипаж құрамына лайықты маман ретінде енгізді. Енді ғарыштан аман-сау оралатынына сенемін.

Талғат МҰСАБАЕВ,
«Қазғарыш» агенттігінің
төрағасы.

ДОСТЫҚ ТҮЫ ҒАРЫШТА

Иә, ғарыш тарихы тағы бір ұшу сапарымен толықты. Аспан әлемінің адамзатқа беймәлім тұстарын зерттеу мақсатында ұшырылған экипаждың құрамында тағы бір қазақ азаматы бар. Ол – барша қазақстандықтардың үмітін үкілеген Айдын Айымбетов. Мен ғарышкерлерді әлем кеңістігіне шығарып салатын делегация құрамында Байқоңыр ғарыш айлағындағы тарихи сәттің куәсі болдым.

Ойлап көріңіз, үштің бірі болып ғарышқа ұшу, онымен шектелмей өзіне белгіленген ғылыми бағдарламаларды сапалы іске асыру дегеніңіз адам баласынан табандылық пен шыдамдылықты, ерлік пен өжеттікті қажет етеді емес пе?! Біз бәріміз Айдынмен мақтанып, ғарышкердің қол жеткізген жетістігіне бірге қуанамыз. Лайым, осындай бірге қуанатын сәттеріміз көп болғай.

Айдын Айымбетовтың ғарышқа Қазақстанның көк байрағы және Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған туларды алып ұшуының өзі біз үшін үлкен мәртебе. Бұл республикамызда жүзден астам ұлттардың тату-тәтті, ынтымақта өмір сүріп жатқанын, олардың белгілі бір мақсатқа жұмылғанын дәлелдегендей. Осы ғарыш сапары арқылы әлем халқы қазақстандықтардың іргесі берік қаланған достығы мен мызғымас ауызбірлігіне тағы бір куә болды. Менің аталық ақ тілегім, халықтар арасындағы достығымыз нығайып, еліміз аман, жұртымыз тыныш, ұрпағымыз ұлағатты болсын!

А. ХАМИДОВ,
өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛАҒАТЫ

Қазақ елінің тарихы тағы бір айтулы оқиғамен толықты. Алаштың үшінші ғарышкері “Союз ТМА-18М” кемесінің экипажы құрамында көкке көтерілді. Бүкіл қазақстандықтар да Айдын Айымбетовпен бірге осы сапарды табаны күректей алты жыл күтті. Қуанышты сәт те жетіп, біз Айдынды ғарыш сапарына аттандырып салдық. Алғашқы қазақ ғарышкері Токтар Әубәкіров пен әлем кеңістігінде үш рет болып, Гиннестің рекордтар кітабына енген Талғат Мұсабаевтың ерлігі өз алдына бір төбе. Олар экипаж құрамына еніп, аспан әлеміне ұшқанда да қазақ елі бөркін аспанға атқан. Бұл жолы да солай қуаңда.

Осы ұшу жайында алдын ала берілген хабарларды талдай келе, мен мынадай тұжырымға келдім. Ғарыш кеңістігіне бағытталған осы сапарда қазақ халқының ұлттық болмысы ерекше айқындалғандай. Қараңыз, Қазақстанның Мемлекеттік Туы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған тулары мен “ЭКСПО-2017” көрмесі жалауының қазақ ғарышкерімен бірге ұшуы бүкіл әлемге Қазақ елі туралы тың ақпарат таратады. Ал қазақ ғарышкері өз елінің Елтанбасы мен тарихи туларынан рухани қуат алып, өзіне бекітілген ғылыми бағдарламаларды шабытты орындайды. Тудың ғарышқа ұшырылуы бір жағынан тарихқа тағзым, ұрпаққа ұлағат іспетті.

Тағы бір айтарлымы, Айдындың ғарышта ет, қазы, қымыз бен айран, құрт секілді ұлттық тағамдармен тамақтануы. Бұл – біздің ғасырлар бойы пайдаланған ұлттық тағамдарымыздың құнды әрі адам ағзасына пайдалы екендігінің айғағы. Айдының әлем кеңістігінде өзге ғарышкерлермен бірге тамақтанатынын ескерсек, қазақтың мол дастарханы өзімен бірге кеткендей әсер аламын. Лайым, экипаж сапары сәтті болып, ғарышкерлер Жерге аман-есен, табысты оралсын деп тілеймін.

Меруерт АНСАТОВА,
Қорқыт ата мемлекеттік университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты.



ОСЫ КҮНДІ ҰЗАҚ КҮТТІК

Біз, ғарышкер Айдын Айымбетовтің отбасы, үлкен толқындыста жүрміз. Байқоңырдағы ғарыш айлағында ұшырылымға қатыстық. Бұл – біздің отбасымыз үшін үлкен оқиға. Өйткені, мен де жұбайымның ғарышқа ұшатын күнін 12 жыл күттім. Әрине, ол үшін уайымдаймын. Дегенмен де, жарымның ғарыштағы сапарының сәтті боларына сенемін. Ол өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындайды. Сөздің емес, істің аамы. Көсібі шебер маман.

Үлкен ұлымыз Әмірдің арманы да әкесі секілді ұшқыш болу. Қыздарымыз Диана мен Даяна да әкелерін мақтан тұтады, үлгі етеді. Әсіресе 2-сыныпқа аяқ басқан Даяна ғарышқа аттанар алдында әкесіне ойыншығын сыйға тартты.

Күллі қазақ жұрты, оның ішінде талдықорғандық жерлестері Айдын экипажға үміткер ретінде бекітілгенінде айрықша қуанышқа бөленді. Ұшырылым сәтіне бізден бөлек, туған жерінен біраз азаматтар келіп, сәт сапар тіледі. Қуанышымызды бөліскен күллі елге алғыс айтамыз.

Лилия АЙЫМБЕТОВА,
Айдын Айымбетовтің жары.



ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ӘРДАЙЫМ МАҢЫЗДЫ



Облыс әкімдігіндегі мәжілістен кейін Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев пен облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қаладағы бірқатар нысандарды аралады.

Әуелі «Бәйтерек» Девелопмент» АҚ арқылы СПМК-70 шағын ауданынан салынып жатқан 12 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Нысан басында қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев салынып жатқан құрылыс пен қаладағы инфрақұрылым жүйесін қайта жаңғырту жұмыстарының барысын баяндады. Уақыт өткен сайын шаһарымыз гүлденіп, жаңа нысандардың көптеп бой көтеріп жатқандығын айтқан ол биыл пайдалануға берілген және құрылысы аяқталуға тиісті нысандарға тоқталды. Сондай-ақ, қалада ауызу, жылу мәселесі

бір жүйеге түсіп келе жатқандығын жеткізді.

– «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қалаға 3 млрд теңгеден аса қаржы бөлініп, 11 шақырым жылу жүйелері қайта жаңғыртылып жатыр. 3 млрд теңгеден аса қаржыға 22 шақырым ауызсу тартылып, жанадан 22 ұңғыма бұрғыланып, 4 су тораптары салынады. Жыл аяғына дейін біз қаланы сапалы, жерасты суымен толық қамтамасыз еткілі отырмыз, – деді қала әкімі.

Одан әрі нысан басында жұмыс жасап жатқан құрылысшылармен тілдескен Үкімет басшысының орынбасары олардың еңбектеріне алғысын жеткізді. Айта кетейік, бұл аудандағы 12 үйдің жетеуі жаңа жылға дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ал қалған бесеуі көктемге дейін

аяқталады деп жоспарланып отыр.

Келесі аялдама кеше ғана пайдалануға берілген «Ипподром» шағын ауданындағы №278 орта мектеп болды. Мектеп заман талабына сай, соңғы үлгіде жабдықталған. 900 баланы қамтитын бұл білім ордасының ашылуын аталмыш шағын аудан тұрғындары асыға күтті. Қонақтар ғимарат үшін аралап көріп, оқушылармен тілдесті. Оқу залында болып, ізденімпаз өрендерді әңгімеге тартты. 9-сынып оқушысы Алмас Алпазовқа тосыннан өлең оқып беруін сұраған аймақ басшысы оқушының өзіне жасаған әдемі тартуына ризашылығын білдірді.

Үкімет басшысының орынбасары рухани қазынамен танысуы да назардан тыс қалдырмады. Әбділді Тәжібаев атындағы облыс-

тық әмбебап кітапханасының ішінен ашылған халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапхана-сында болды. Онда жинақталған сирек кітаптар қорын, тұтыңған жеке заттарын тамашалады. Кітапхана ішіндегі шағын көрмеде қаламгерге Елбасы арнайы табыс еткен шапан да сақталыпты. Тіпті, көзі тірісінде өзі арнайы Италияда жасатқан кітап сөресі де Алматыдағы үйінен арнайы алынған екен.

Соңғы аялдама «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы болды. Қосқабатты сегіз үй мен әкімшілік ғимараттан тұратын қалашық жетім және ата-ана қамқорынсыз қалған жеткіншектерге биылғы жылы Халықаралық балаларды қорғау күнінде пайдалануға берілген болатын. Оларға өз отбасыларындағыдай жайлы жағдай жасау мақсатында ашылған арнаулы үйлерде 4 пен 16 жас аралығындағы 65 бала тұрады. Коттеждерге 7-10 жанның бөлініп орналасқан әр топтың өз отанасы бар. «Бұл балалардың тәрбиесі мен дұрыс өсіп-жетілуіне өз ықпалын тигізіп жатыр» дейді қалашық әкімшілігі мамандары. Балалар ауылындағы берекеге риза болған Үкімет басшысының орынбасары жеткіншектерге музыкалық орталық сыйлады. Тосын сыйға балалар да өз ризашылығын білдірді. Айта кетейік, мұндай балалар ауылын ашу арқылы Қызылорда облысы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жеткіншектер үйі жойылған бірден-бір аймақ болып саналады. Мұндағы негізгі мақсат – балалардың қоғамға әлеуметтік бейімделуін отбасылық жағдайда қалыптастыру.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ,
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
Молдір ҚОЖАХМЕТОВА,
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ
(сурет).

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ӨРКЕНДЕУДІҢ ӨРІСТІ БАСТАМАСЫ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында саясаттанушы Нұрхан Жәліев пен Қазақ гуманитарлық-техникалық заң колледжінің оқытушысы Жұлдызай Сәндібекова БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді.

Онда еліміздегі жаңа экономикалық саясат бағыттары жайлы келелі әңгіме өрбіді. «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары, саясаттанушы Нұрхан Жәліев теңгенің еркін бағамы еліміз ДСҰ-ға кірген қазіргі кезеңдегі басты экономикалық шара екенін атап өтті. Жалпы, бұл бастама Мемлекет басшысының тапсырмасымен дайындалған 2020 жылға дейінгі акция-несие саясаты аясында жүзеге асып отыр. Брифингте Нұрхан Бұқарбайұлы әлемде инфляциялық таргеттеу арқылы экономикалық қиындықтан қысқа мерзімде шыққан мемлекеттер тәжірибесі жайлы да пікірімен бөлісті. Бұл қалам отандық кәсіп иелеріне өз елімізбен қатар сыртқы нарыққа да бәсекеге қабілетті тауар шығаруға мүмкіндік береді.

Ал Қазақ гуманитарлық-техникалық заң колледжінің оқытушысы Жұлдызай Сәндібекова-



ның айтуынша, әлемді қыспаққа алып тұрған дағдарыстан біз тысқары қалуымыз мүмкін емес. Оған қарсы валютаның еркін бағамын енгізу әлемдік экономикада бар үрдіс. Көп ұзамай бұл шараның тиімділігі де байқала бастайды. Әсіресе, теңгенің еркін бағамы отандық кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы болмақ.

Сара АДАЙБАЕВА.

АДАСТЫРМАЙТЫН АЙҚЫН БАҒЫТ

Дүние жүзі елдерінің экономикасында қалыптасқан күрделі жағдай біздің мемлекетімізді айналып өте алмағаны белгілі. Әлемді жайлаған дағдарыс салқыны барлық елді шарпып отыр. Бұл жайлы ел Президенті Н.Назарбаев Астанада өткен кенесте егжей-тегжейлі айтты. Осыған байланысты Елбасы мемлекетіміздің экономикадағы бастан кешіп отырған қиындықтарын, одан шығудың жолдарын нақты белгілеп берді, жаңа экономикалық саясат тәртібімен жұмыс істеудің қажеттігі айтылды.

Жасыратыны жоқ, еліміз соңғы уақыттарда мұнай және түрлі-түсті металдар бағасының төмендеуінен және Ресей рублінің құлдырауынан біраз зиян шекті. Жаңа экономикалық саясаттың негізі – Мемлекет басшысы ұсынған бес институционалдық реформадағы 100 нақты қадам болуы қажет. Дағдарыс ұзақ мерзімге созылатын түрі бар. Отандық өнім өндірушілер нарық жағдайында бәсекеге

қабілетті сапасы жоғары өнім өндіруі тиіс.

Бұл қиындықтарға төтеп беру мақсатында үкімет қажетті шаралар әзірлеуде. Халықтың күнделікті күнжөрісі саналатын азық-түлік бағасының бірден өсуіне жол бермеу мақсатында әрбір облыста штабтар құрылды. Оған тікелей аймақ басшылары жетекшілік етуде. Осы қиындықтардың алдын алу үшін халыққа қамқорлық ретінде жалақы мен жәрдемақылардың 2017 жылға белгіленген өсуі 2016 жылдың 1 қаңтарынан жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, теңгенің еркін айналымға жіберілуіне байланысты халықтың банктің сапалықтарының айырмасын төлеуге шешім қабылданды. Барлық жерде артық шығынға жол бермеу үшін қаржыны қатаң үнемдеу шаралары қарастырылуда.

А.ӘБДІБАЕВ,
Қызылорда қалалық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

● БІЛІМ

ГЕНЕРАЛДЫҢ ЕРЛІК САБАҒЫ



1 қыркүйек – Білім күніне орай, облыс орталығында №278 жаңа орта мектептің ашылу салтанаты болғаны белгілі. Мерекелік шарада облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы, Ауған соғысының ардагері, генерал-майор Ә.Ерниязов өрендерді жаңа оқу жылымен құттықтады.

Ашылуда салтанаттың кейін генерал Әлімжан Қанағатұлы еліміздің Қорғаныс министрі Иманғали Тасмағамбетовтің ұсынысы бойынша қолға алынған «Ерлік сабағын» өткізді. Жас өрендерді патриоттыққа жетелейтін тәрбиелік бағыттағы сабақ республика көлемінде жаппай өтіп жатыр.

«Ерлік сабағы» Ресей, Белоруссия, Украина, Түркия, Швейцария секілді мемлекеттерде дәріс ретінде жүргізіліп келеді. Осы мақсатпен биылдан бастап елімізде «Ерлік сабағы» өскелең ұрпақты отанышыл рухта тәрбиелеп, олардың әскери-патриоттық

жігерін жандандыру бағытында жұмыс атқаратын болады.

Жаңадан ашылған №278 орта мектептің 9-10 сынып оқушыларымен өткізілген «Ерлік сабағында» оқушылар сұрақтар қойып, оған нақты әрі байсалды жауаптар алды. Департамент бастышы Ә.Ерниязов оқушы Тәшим Мәдидің «Генерал мырза, біз «ерлік» сөзінің мәнін соғыста елін қорғаған батырлардың еңбегі деп санаймыз. Ал қазіргі жастар үшін «ерлік» деген не?» деген сауалына «Сіздер үшін ерлік деген күнделікті еңбек. Бейбіт күнде бар зейіnderiңiздi оқу-білімге жұмсаңыздар. Әрқашан тәртіпті алға қоя біліңіздер», – деп жауап қатты.

Болашағын Қарулы Күштермен байланыстырғысы келетін Төлеген Досжан: «Генерал мырза, алтын ұя – мектебiмдi бiтiрiсiмен әскери оқу орнына құжаттарымызды тапсырғым келедi. Әскери қызметшi қандай болуы керек?» деген сауалына «Еліне деген патриоттық сезім, парасаттылығымен қатар білім, спорттық ынта керек» деген жауап алды.

«Ерлік сабағы» аясында оқушыларға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы имидждік бейнероликтер көрсетілді.

Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бөлімдерінің әскери қызметшілері мен қызметкерлері облыста орналасқан 40-қа жуық мектепте болып, ерлік сабақтарын өткізді.

Жастар – болашақтың бастауы. Болашақтың кілті әрбір жастың қолында. Ердің ісі – елдің мойнында, елдің ісі – ердің мойнында. Ендеше, ұранды ердің ұрпағына қайсар болмақ керек.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЕЛ КЕЛЕШЕГІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Жайнаған жаздың қызықты думанын өткізіп, алтын ұя-мектебіне оралған оқушылар мәре-сәре болып, ұстаздарымен қауышты. Биылғы оқу жылында Шиели ауданындағы 41 мектепке 15600 оқушы барды. Оның 1825-і мектеп табалдырығын енді ғана атаған бүлдіршіндер. Мемлекеттің қолдауы нәтижесінде ауданда жуырда бір мектеп жаңадан пайдалануға берілсе, оқу жылы барысында тағы 2 жаңа білім ошағы оқушыларға өз есіктерін айқара ашты. Аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев Білім күні бірнеше ауыл мектептерін аралап, ұстаздар қауымы мен шәкірттерді, ата-аналарды құттықтады.

Шиели ауданындағы іргелі білім ордаларының бірі №45 Ақ Орда мектеп гимназиясы. Бұл ілгеріректе барлық ауылдардың жоғары сынып оқушылары келіп оқитын орталық мектеп еді. Биылғы жылы аталған оқу ордасында сегіз жүзден астам шәкірт білім алатын болса, бірінші сыныпқа 89 оқушы қабылданды. Мектеп директоры Айһұр Архабаеваның айтуынша, оқу ордасының жаңа оқу жылына дайындығы жоғары дәрежеде.

Осы оқу ордасындағы Білім күніне арналған салтанатты жиыныға аудан әкімінің орынбасары Болат Смағұлов, аудандық мәслихат депутаты, «Демеу-Шиели» ЖШС директоры Нәйла Палымбет катысып, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бірінші сынып оқушыларына арналған сыйлық – кітаптарды табыстаса, ардагер ұстаздар Баян Сүлейменова мен Оразқұл Досановалар өздерінің ізгі тілектерін арнады.

Білім күніндегі алғашқы қоңырау салтанаты Қазалы ауданында да кең көлемде аталып өтілді. Аудандағы Жанқожа батыр атындағы №70 мектеп – іргелі білім ордасының бірі. Бұл мектептен көпшілікке есімдері жақсы мәлім талай тұлғалар түлеп ұшқан. Осынау ұлағатты қадам қазір де жалғасын табуда. Мұғалімдер қауымы оқушылар бойына терең білім, саналы тәрбие беру жолында бар күш-жігерін жұмсайды. Бүгінгі шара барысында осындай ой түйдік.

Салтанатты рәсім Қазақстан Республикасының

мемлекеттік туы ортаға әкелініп, Әнұранымыздың орындалуымен басталды. Мұнан соң мектеп директоры Қымбат Сермахан, өзге де қонақтар ақ тілегін білдірді. Ел іші қашанда жомарт жандарға кенде емес. «Мектепке жол» акциясының толассыз жалғасын табуы соның айғағы. Бүгінгі рәсімде белгілі кәсіпкер Шахра Имандосова, басқа да қайырымды адамдар бүлдіршіндерге демеушілік көрсетті. Алғашқы қоңырау соғылып, сыныптарда сабақ басталды. «Ерлік сабағында» шәкірттер «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, Ауған соғысының ардагері Күмісбай Серікбаевпен кездесті.

Ал, Күмжіектегі №92 мектеп баршаға спортпаға жетістіктерімен белгілі. Шағалдайдағы ауылдың білім ошағында небір сандық спортшылардың шыңғасамғатқан ұстаздар қызмет жасайды. Олардың қатарындағы ҚР білім беру ісінің үздігі, «ҚР денешынықтыру мен спортқа еңбек сіңіргені үшін» төсбелгісінің иегері Марат Мамаев, тоғызқұмалақтан ҚР ұлттық дәрежедегі төреші, Азия, Әлем чемпионатына төрешілік жасаған Сәбит Ықыласов сынды білікті бапкерлер бар. Шағын ауылдан қос спорт шебері, көптеген спорт шеберлігіне кандидат, республика чемпиондары шығуы өзгелерден шоктығын асырып тұрады.

Білім күніне арналған жиында мектеп директоры Бақыт Тәжібаев, ауыл әкімі Тастайбек Сермаханов, білім бөлімінің әдіскері Кеңжетай Шамшадинов жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады. Мектеп өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама жұртшылықты бір серпілтіп тастады. Келесі кезекте аудандық әуез мектебінің мұғалімі Гүлнар Рысмахан, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бегділда Нұршабаев, басқа да қонақтардың қатысуымен Елбасымыздың бірінші сынып оқушыларына арналған сыйлығы «Менің Отаным – Қазақстан» атты оқу құралы табысталды.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

Шиели ауданы,

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Қазалы ауданы.

ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

Білім күні Шиели ауданына қарасты 1 Мамыр ауылындағы №40 орта мектепте осы білім ұясының түлегі, республикаға белгілі ғалым, ұстаз Алма Қыраубаева атындағы мұражай салтанатты түрде ашылды.

Шараға аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев, Халықаралық казак-түрік университетінің вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Құлбек Ерғөбек, Халықаралық казак-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Газретәлі Тұрсын, Алма Қыраубаеваның інісі Жакыпбек Қыраубаев және басқа да бірқатар ағайын-туыстары, ғалымның сыныптастары мен ауылдастары қатысты.

Алғаш болып сөз алған аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев оқушыларды, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады және осы топырақтан шыққан тұлғалардың ізін жалғайтын ғалым, ұстаз Алма Қыраубаеваның мұражайының ашылуы ізгілікті іс екеніне тоқтала келе, ауыл тұрғындарына құтты болсын айты. Салтанатты жиында, сондай-ақ, Алма Қыраубаеваның ғылымдағы інісі профессор Құлбек Ерғөбек сөз сөйлеп, ғалымның қайраткерлігі, ғылымға, тарихқа қосқан сүбелі үлесі жайында әңгімеледі.

– Біз Алма Қыраубаевамен сонау 1971 жылдан бастап 2001 жылға дейін 30-40 жылдай апалы-інілдей тығыз байланыста болдық. Ол кісі қазақтың өте білімпаз, ізденімпаз, дарынды қызы еді. Өткен, ғұмыры қысқа болды. Біз филолог ретінде Алма апайдың тәрбиесін көріп өстік. Алма Қыраубаева, Рахманқұл Бердібаев, Әбсәттар Дербісәлі, Мұхтар Мағауин – бізміз ұлы ғалым Бейсенбай Кеңебаевтың шәкірттеріміз. Әдебиетте бізміз бір үйдің баласындай бірге жүріп бір арнада еңбек еттік. Алма апай казак

хандығы дәуірін, әсіресе, Алтын орда дәуірін терең зерттеп, әдебиетке қосқан қазақтың дарынды ғалым қызы, – деп еске алады Құлбек Ерғөбек.

Айта кету керек, №40 орта мектептің 93 жылдық тарихы бар. 1922 жылы Сарышығанақ бастауыш мектебі болып өз жұмысын бастаған білім ұясы кейін он жылдық білім беруге көшкен. 2007 жылы жаңа ғимаратқа қоныстанған. Мектеп директоры Оразқұл Елжасарованың айтуынша, жуырда білім ұясына Алма Қыраубаеваның есімі берілмеуі.

Шара барысында жиылғандар мұражаймен танысты. Онда Алма Қыраубаеваның еңбектері, әр түрлі кезеңдегі суреттер, ғалым туралы баспасөз бетінде жарияланған мақалалар орын алған.

Алма Қыраубаева 1947 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірқазан станциясында дүниеге келген. 1965-1970 жылдары КазМУ-дың филология факультетін бітірген. 1974-2000 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ғылыми педагогикалық қызмет атқарды. 2000 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры және Қазақ ұлттық Музыка академиясында кафедра меңгерушісі болды. Ол казак мектептеріне арналған тұңғыш «Ежелгі әдебиет» оқулығының (1996), жоғары оқу орындарына арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясының (1991), «Ғасырлар мұрасы» (1998), «Шығыстық классика-дастандар» (1997), «Махаббатнама» (1985), тағы басқа оқу құралдарының, жүзден астам ғылыми-әдістемелік, публицистикалық мақалалардың авторы.

Шара соңында Алма Қыраубаеваның інісі Жакыпбек Қыраубаев жиынға қатысқан ағайынға алғысын айтып, мектепке өз атынан сый-сипаттың табыстады. Соңынан ғалым рухына арнап әс беріліп, Құран бағышталды.

Айһұр БАТТАЛОВА.

БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН САЛЫМ

«Нұр Отан» партиясы балалардың білім алуына, оның тәрбиесіне көңіл бөліп, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына да қолдау көрсетіп келеді. Бұл партияның сайлауалды бағдарламасында да басым бағыт ретінде көрсетілген. Айта кетейік, биылдан бастап еліміз бойынша «Болашаққа салым саламыз» акциясы бастау алды.

Шара партияның «Бақытты балалық» жобасы аясында жетім және ата-ана қамқорынсыз қалған балалардың мектеп бітіргеннен кейін жоғары білім алуына мүмкіндік жасау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Соның негізінде елімізде мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі бойынша 3 мың салым ашу көзделген. Ал, облыста 150 бала аталған акцияның шарапатын көреді деген жоспар бар.

Сәрсенбі күні «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалының ұйытқы болуымен шараға түрлі мемлекеттік мекеме өкілдері де өз үлестерін қосты. Балаларға салым салынған сертификаттар тапсырылып, ата-аналар да ерекше алғысын білдірді. Бұл шараның маңыздылығын Елбасының «Білімге салынған инвестиция – болашаққа салынған қаржы» деген сөзінен-ақ айқын аңғаруға болады. Ұйымдастырушылар акцияның алдағы уақытта да жалғасын табатындығын жеткізді.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Қазақ хандығының 550 жылдығына, Қазақстан Республикасы Конституцияның және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Қолөнер – сырлы өнер» колөнер шеберлерінің облыстық көрме-конкурсын тамашалауға шақырамыз.

Көрме-конкурс келесі 15 номинация бойынша өткізіледі:

1. Ағаштан,
2. киізден,
3. теріден,
4. зергерлік, сәндік,
5. оригами (қағаздан жасалған бұйымдар),
6. қуыршақтар мен ойыншықтар,
7. ат әбзелдері,
8. құрақ көрпе,
9. gobelen,

10. кесте, ши тоқу,
11. кілем тоқу,
12. керамика,
13. ұлттық киім,
14. биістермен тоқу,
15. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне арнау (кәде-сый) бұйымдарын әзірлеу.

Көрме барысында колөнер шеберлері бұйымдарының сатылымы ұйымдастырылады.

Өтетін орны: **Қызылорда қаласы III ірілендірілген кв п/з (ескі базар). Көркемсурет галереясы (Бұрынғы әскери комиссариат ғимараты).**

Ашылу салтанаты: **2015 жыл, 5 қыркүйек, сағат: 11.00.**

ХАБАРЛАНДЫРУ!

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Үстіміздегі жылдың 6 қыркүйек күні, сағат 8.00-ден бастап қызылордалықтарды арзан бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қала көлемінде аудандардың ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Атап айтқанда, «Ақмешіт» шағын ауданы, Жұрба көшесі «Әнуар» сауда үйінің жанында Жалағаш ауданының өнімдері, Абай даңғылы мен Ерғешбаев көшесінің қиылысында (Салық департаментінің жаны) Қармақшы ауданының өнімдері, «Ескі базар» аумағы Қонаев пен Қазбек би көшелерінің қиылысында Қазалы ауданының өнімдері, Торайғыров пен Қорқыт ата көшесінің қиылысында (№1 «Шұғыла» балабақшасының жаны) Арал ауданының өнімдері ұсынылады.

Келінділер, бау-бақша, ет, сүт өнімдерімен қоса ауылшаруашылық дақылдарын арзан бағада алуға асығыңыздар!

ҚАЛА ӘКІМДІГІ .

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Сартова Арайлым Бериковнаның атына Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде 2015 жылы өткізілген кешенді тест қорытындысы бойынша берілген сертификаты (ИКТ 305001444, ST 2160556) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

● МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

МҰНАЙШЫЛАР ОҚУШЫЛАРҒА КӨМЕК БЕРДІ



Үстіміздегі жылы өткізіліп жатқан республикалық «Мектепке жол» акциясының «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ мұнайшылар қауымы да қалыс қалмай, өз үлестерін қосты. Оқу жылы басталар алдында «ПетроҚазақстандықтар» облыстың аудандарында болып, білім ордасының табалдырығын алғаш аттағалы тұрған бүлдіршіндерге мектеп құрал-жабдықтарының толық жиынтығы бар сөмкелер таратты.

Жалағаш аудандық білім бөлімінің бас маманы Жазира Жүргенованың айтуынша, ауданда осы жылы тұрмысы төмен және қонабалы отбасылардың 400 баласына көмек көрсетілді. Оның 50-іне «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» компаниясы мектеп құрал-жабдықтарын алып берді. Аудандағы №201 мектепте өткен салтанатта «ПҚКР» АҚ жұртшылықпен байланыс жүргізу бөлімінің аға маманы Ақтоқын Сұлтангереева балаларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, оларға табыс тіледі.

– Балалар – біздің болашағымыз, – деп атап өтті компания өкілі өз сөзінде. – Әлемдік мұнай нарығында мұнайдың бағасы едәуір төмендеуіне қарамастан «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» компаниясы облыстағы көмекке зору балаларға қол ұшын беріп келеді. Бүгін мұнайшылар бірінші сыныптың 50 оқушысына мектеп құрал-жабдықтарының толық жиынтығы – қаламсауыт, дәптер, альбомдар, калькулятор, қаламсап, түрлі қарындаштар, екі барсетка, сызғыш, желім,

фломастер және басқалар бар сөмке әкелді.

Қармақшы ауданында «ПетроҚазақстандықтар» №26 Шоқан Уәлиханов атындағы мектептің акт залында 50 оқушыға әкелген сыйлықтарын тапсырып, балаларды қуантты.

– «ПҚКР» АҚ қызметкерлеріне көмекке мұқтаж отбасыларына көңіл бөліп, қамқорлық жасағандары үшін алғысымды білдіремін, – дейді алты баланың анасы Клара Түскенбаева. – Осы жылы менің үш балам мектепке барады. «ПҚКР» АҚ үнемі балаларға көмек көрсететінін жақсы білемін және де қарапайым халықтың мұн-мұқтажын түсінетіні үшін компанияға ризашылығым шексіз.

– «ПетроҚазақстан» компаниясына рахмет, – дейді қармақшылық бірінші сынып оқушысы Жұлдызай Мырзақшы. – Мен мұнайшы ағаларға мектепте тек «төрт» пен «беске» оқуға жөне болашақта өз елімнің білімді де атакты қызы болуға уәде беремін.

Аталмыш шара Тереңөзектегі №35 мектепте де болып, онда Сырдария ауданының 50 оқушысы «ПҚКР» АҚ қызметкерлерінен өздеріне қажетті көмек алды.

Ағымдағы жылдың маусым айында дәл осындай мектеп құрал-жабдықтарының жиынтығы Жаңақорған ауданындағы «Балғын» балабақшасының түлектері – болашақ бірінші сынып оқушылары мен Қазалы ауданындағы «Шапағат» мүгедек балаларды оңалту орталығының түлектеріне де тапсырылғанын айта кеткеніміз жөн.

flyqazaq.com

Рейстерді flyqazaq.com сайтынан және қала агенттіктерінен брондауыңызға болады. Бронируйте полеты на сайте flyqazaq.com и в агентствах города.

* Ушудың бағасы бір бағытта ғана көрсетілген және барлық алымдарды қамтиды.
* Стоимость полета в одну сторону включает все пассажирские сборы.

QAZAQ AIR

ХАБАРЛАМА

«Көлжан» ЖШС ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің «Қоғамдық тыңдауды жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2007 жылдың 7-мамырдағы №135-6 бұйрығына сәйкес, №1057 келісімшарттық аумағында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға үкілетті органнан 2015-2017 жылдарға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін, дайындалған табиғат қорғау іс-шараларын талқылауға қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2015 жылдың 25-қыркүйегінде Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13-ғимаратта, 408 бөлмеде, сағат 11:00-де өткізіледі. Материялардың электрондық нұсқасын Markhabat.Dosova@petrokazakhstan.com электронды почтасынан ала аласыздар. Байланыс телефоны: 8 7242 29 99 23.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласының нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын Қызылорда қаласының тұрғыны 12.01.1974 жылы туылған Исаков Кайырбек Нурмағанбетовичтің (02.11.2014 жылы қайтыс болған) атына мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80 А/12. Байланыс телефоны: 25 55 23.

АРНАЙЫ ХАБАРЛАМА

“Қазгидромет” РМҚ-ның Қызылорда облыстық филиалының мәліметі бойынша, 2015 жылдың 1-3 қыркүйек күндері облыстың кей жерлерінде оңтүстік-батыстан, солтүстік-батыстан соққан желдің жылдамдығы 15-20 м/с дейін күшейеді. Найзағай күтіледі.

“Сыр бойы”, «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Менің ісрі:

Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефоны 70-00-36

Сыр Бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
өсетін-исап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сәйкесбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат және Мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күнінің №12993-7, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
“Сапа менеджменті жүйесі”
талпаттарына сәйкес сертификатталған.
Ақпаратқа қолының тапсыру бойынша тіркелген, қолжазба өңдеу және қайыратылады.
Жариялануға газеттің түпнұсқа көздерінен бітірілгенді, “АҚ”-ақты ықмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қытылған. “Сыр медиа” ЖШС өз бастауындағы басылым. Қызылорда қаласы.
Бейбітшілік Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына “Қазгидромет” - 23-54-51,
“Евразия-Пресс” - 27-62-64 жауапты.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбітшілік Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24822

Тапсырыс № 891

Электронды оқылым – 28000.